




## ЕКІЖАҚТЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҚАРҚЫНДЫ ДАМУДА



Қасым-Жомарт Тоқаев Чех Республикасының Президенті Петр Павелді елінің Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

Мемлекет басшысы құттықтау жеделхатында Қазақстан мен Чехия арасындағы қарым-қатынас қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Сондай-ақ екіжақты ынтымақтастықтың одан әрі нығая түсетініне сенімді екенін жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Петр Павел мен барша чех халқына құт-береке тіледі.

## ЫҚПАЛДАСТЫҚ БЕКИ ТҮСЕДІ



Мемлекет басшысы Аустрияның Федералдық Президенті Александр Ван дер Белленге құттықтау жеделхатын жолдап, Аустрия Республикасының Ұлттық күнімен құттықтады.

Президент жеделхатында екі ел арасындағы ынтымақтастық қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Сонымен қатар бірлескен күш-жігер арқылы Қазақстан мен Аустрияның ықпалдастығы қос халықтың игілігі үшін беки түсетініне сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Александр Ван дер Белленге және Аустрия халқына табыс тіледі.

## ҚҰТТЫҚТАУ ХАТТАРЫ КЕЛІП ТҮСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына ұлттық мереке – Республика күніне орай шет мемлекеттердің басшылары мен халықаралық ұйымдардың жетекшілерінен құттықтау хаттары келіп түсті.

Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин жеделхатында екі ел арасындағы қарым-қатынас стратегиялық серіктестік және одақтастық рухында табысты дамып жатқанына, сондай-ақ Мәскеу мен Астана түрлі көпжақты құрылымдар аясында белсенді байланыс орнатқанына тоқталды.

– Бірлескен күш-жігеріміз арқылы халықтарымыздың игілігі және Еуразия кеңістігіндегі қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту жолында екіжақты ынтымақтастықтың барлық бағытын одан әрі жандандыра түсетінімізге сенімдімін, – деп жазды Владимир Путин.

Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин Қазақстанның өңірлік және халықаралық деңгейде ықпалы арта түскенін атап өтіп, бұл жетістіктерге тату көрші, жан-жақты стратегиялық серіктес ретінде өз халқының шынайы қуанатынын айтты.

– Екі ел арасындағы өзара тиімді серіктестікті одан әрі ілгерілету және ықпалдастықты жаңа деңгейге көтеру үшін сізбен күш-жігер біріктіруге дайынмын, – деп жазылған ҚХР Төрағасының жеделхатында.

Америка Құрама Штаттарының Президенті Джоозеф Байден Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қазақстан халқына жолдаған құттықтау жеделхатында елдеріміз арасындағы стратегиялық серіктестік тәуелсіздік, аумақтық тұтастық сияқты Біріккен Ұлттар Ұйымының қағидаттарына негізделгеніне назар аударған.

– Аталған қағидаттарды берік ұстанған Қазақстанмен қауіпсіздік, экономика және экология мәселелерін шешу жолындағы бірлескен жұмысты жалғастыруға мүдделіміз, – деп жазды Джоозеф Байден.

Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігінің Король III Чарльз Қазақстанмен ықпалдастықты жоғары бағалап, елдеріміз бейбітшілік, қоршаған ортаны қорғау, климаттың өзгеруі сияқты жаһандық маңызды мәселелер бойынша орнатқан тығыз байланысты жалғастыратынына сенім білдірді.

Франция Президенті Эмманюэль Макрон өзінің құттықтауында екі елді көпжақты ынтымақтастық біріктіретінін айтты.

– Біз түрлі құрылымдар аясындағы байланысымызды бекітіп, серіктестігіміздің көкжиегін кеңейте түсеміз деп үміттенемін, – деп жазған Франция Президенті.

Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған бауырлас халықтар арасындағы қарым-қатынас ортақ тіліміз бен тарихымыздан және мәдениетімізден қуат ала отырып, одан әрі тереңдей түсетініне кәміл сенетінін атап өткен.

– Қазақстанның түркі әлемінің бірлігіне ерекше мән беруін және Түркі мемлекеттері ұйымын нығайтудағы жетекші рөлін жоғары бағалаймыз, – делінген Түркия Президентінің жеделхатында.

Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев өз құттықтауында Қазақстанда ауқымды өзгерістер орын алып, мемлекет пен қоғам өмірінің барлық саласында кешенді әрі жүйелі реформалар жүргізіліп жатқанын және елдің халықаралық аренадағы абырой-беделі арта түскенін айтқан.

Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров тәуелсіз ел болған сәттен бастап бауырлас Қазақстан мемлекеттің іргесін нығайту, саяси және әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан даму, белсенді сыртқы саясат жүргізу ісінде айтарлықтай табысқа қол жеткізгеніне тоқталған. Сондай-ақ екі ел арасындағы ынтымақтастық одан әрі дами беретініне сенім білдірген.

Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон стратегиялық серіктестік пен одақтастық қағидаттарына негізделген достық пен өзара тиімді байланыстарды одан әрі нығайтуға дайын екенін мәлімдеген.

Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов түрікмен-қазақ ықпалдастығы көптеген бағытта жанданып келе жатқанына баса мән беріп, оған жоғары деңгейдегі ашық әрі достық диалог оң әсер етіп отырғанын жазған. Еліміздің ұлттық мерекесіне орай жылы лебізін Түрікменстан Халқ Мاسлахаатының Төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедов те жолдады.



Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев жеделхатында өз елінің Қазақстанмен сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық салаларда нәтижелі серіктестікті дамытуға және бірлескен жобаларды жүзеге асыруға ниетті екенін жеткізді.

Сонымен қатар құттықтау жеделхаттарын Қос киенің сақшысы, Сауд Арабиясының Корольі Салман бен Әбделазиз Әл Сауд, Сауд Арабиясының Так мұрагері, Премьер-Министрі Мұхаммед бен Салман бен Әбделазиз Әл Сауд, Рим Папасы Франциск, Жапония Императоры Нарухито, Марокко Корольі VI Мұхаммед, Бахрейн Корольі Хамад бен Иса Әл Халифа, Оман Сұлтаны Хайсам бен Тарик, Нидерланд Корольі Виллем-Александр, Бельгия Корольі Филипп, Швеция Корольі Карл Густав, Испания Корольі VI Фелипе, Таиланд Корольі Маха Вачиралонгкорн, Германияның Федералдық Президенті Франк-Вальтер Штайнмайер, Үндістан Президенті Драупади Мурму, Корея Республикасының Президенті Юн Сок Ёль, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Италия Президенті Серджо Маттарелла, Швейцария Президенті Виола Амхерд, Чехия Президенті Петр Павел, Словакия Президенті Петер Пеллегрини, Португалия Президенті Марселу Ребелу де Соуза, Иран Президенті Масуд Пезешкиан, БАӘ Президенті шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян, Мысыр Президенті Әбдел Фаттах Ас-Сиси, Индонезия Президенті Прабово Субианто, Палестина Президенті Махмуд Аббас, Сингапур Президенті Тарман Шанмугаратнам, Аустрия Президенті Александр Ван дер Беллен, Финляндия Президенті Александр Стубб, Хорватия Президенті Зоран Миланович, Болгария Президенті Румен Радев, Мажарстан Премьер-Министрі Виктор Орбан, Армения Премьер-Министрі Никол Пашинян, Армения Президенті Ваагн Хачатурян, Сербия Президенті Александр Вучич, Монголия Президенті Ухнаагийн Хурэлсух, Грузия Президенті Саломе Зурабишвили, Литва Президенті Гитанас Науседа, Латвия Президенті Эдгарс Ринкевич, Эстония Президенті Алар Карис, Албания Президенті Байрам Бегай, Израиль Президенті Ицхак Герцог, Вьетнам Президенті Лыонг Кыонг, Румыния Президенті Клаус Вернер Йоханнис, Кипр Президенті Никос Христодулис, Оңтүстік Африка Республикасының Президенті Матамела Сирил Рамафоса, Эфиопия Президенті Тайе Акке-Селассие, Пәкістан Премьер-Министрі Шахбаз Шариф, Бахрейн Корольдігінің Так мұрагері, Премьер-Министрі Салман бен Хамад Әл Халифа, Ирак Премьер-Министрі Мұхаммед Шиа әл-Судани, БАӘ Вице-президенті, Премьер-Министрі, Дубай әміршісі шейх Мұхаммед бен Рашид Әл Мактум, БАӘ Вице-Президенті, Премьер-Министрдің орынбасары, Президент Әкімшілігінің басшысы шейх Мансур бен Заид Әл Нахаян, Канаданың генерал губернаторы Мэри Саймон, Еуроалық Кеңестің Президенті Шарль Мишель, ТМД Бас хатшысы Сергей Лебедев, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының Бас хатшысы Чжан Мин, АӨСШК хатшылығының Бас хатшысы Қайрат Сарыбай, ҰҚШҰ Бас хатшысы Иманғали Тасмағамбетов, Түркі мемлекеттері ұйымының Бас хатшысы Кубаньчбек Өмірәлиев, Ислам ынтымақтастығы ұйымының Бас хатшысы Хиссейн Брахим Таха, Түркі мәдениеті мен мұрасы қорының президенті Актоты Райымқұлова, Татарстан Раисы Рустам Минниханов және басқалары жолдады.

### МӘСЕЛЕ

## ТӘТТІ ТҮБІРДЕН – ТАРИХИ РЕКОРД

Жылдың тарихта қалар ірі бір жетістігі айқындалды. Ауыл шаруашылығы министрлігінің хабарлауынша, қант қызылшасынан рекордтық өнім күтілуде. Жуырда Президент қабылдауына кіріп, аграрлық саланы дамытудың алдын ала қорытындыларын баяндаған АШМ басшысы диқандардың 1,2 миллион тоннадай қант қызылшасын жинайтынын жеткізді. Бұл – егемендіктің 34 жылында болмаған көрсеткіш. Енді осы мол астықты шашпай-төкпей, ірітіп-шірітпей сақтаудың және өңдеудің маңызды міндеті тұр.

(Жалғасы 4-бетте)



### БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

#### АРЛЫ ДА АБЫРОЙЛЫ АЗАМАТ



→ 5

#### РИЗАБЕК – ҮШ МӘРТЕ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ



→ 8

## ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ТӨҢІРЕГІНДЕГІ ТҮЙТКІЛ

Балға бармақ батырған серіктестіктердің жұмысына айтылар сын да, тағылар мін де көп. Тараз қаласында жолаушы тасымалымен тоғыз автопарк айналысатын болса, олардың барлығы қызметіне жауапкершілікпен қарап жүр дей алмаймыз. Арасында тіпті «өзім білерменге» салып, қарапайым сақтық шараларын сақтамайтындары жетерлік.

→ 6



29 ҚАЗАН 2024 | СЕЙСЕНБІ

## СЕНАТ



## ОТЫРЫСТЫҢ КҮН ТӘРТІБІН БЕКІТТИ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 31 қазан күні өтетін Сенат отырысының күн тәртібін бекітті және Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру аясындағы міндеттерді талқылады.

Соған сәйкес алдағы бейсенбіде сенаторлар екі мәселені қарайды. Олардың бірі – «Қазақстан Республикасы мен Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шартты ратификациялау туралы» заң. Аталған құжаттың нормалары екі мемлекет арасындағы құқықтық ынтымақтастықты нығайтуға және сотталғандардың жазасын өтеу үшін олар азаматы болып табылатын мемлекетте қоғамға қайта қосылуына жәрдемдесуге арналған.

Сондай-ақ палата отырысында Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің бір топ сенатордың цифрландыру мәселелері бойынша депутаттық сауалына ауызша жауабы тыңдалады. Сенат Спикері мәселенің маңызды екеніне тоқталып, талқылауға басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері қатысатынын айтты.

Бюро отырысында депутаттардың алдағы уақытта Абай облысының Курчатов қаласында

өтетін радиациялық және сейсмикалық қауіпсіздік мамандарымен кездесуіне қатысты мәселелер де талқыланды. Қазақстанда АЭС салынуына байланысты бұл тақырыптың өзектілігі арта түскені анық.

Сонымен қатар сенаторлар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын іске асыру аясында аграрлық секторды тікелей субсидиялаудан қолжетімді несиелендіруге көшу және денсаулық сақтау жүйесін кадрлық тұрғыдан қамтамасыз ету мәселелерін жергілікті тұрғындармен бірге талқылау үшін өңірлерге барып, кездесулер өткізеді. Мәулен Әшімбаев атап өткендей, қазір елімізде, әсіресе ауылдық жерлерде білікті медициналық кадрлардың тапшылығы өте өзекті. Сондықтан саладағы проблемаларды жан-жақты зерделеп, тиісті мамандармен бірлесіп оларды шешу жөнінде ұсыныстар әзірлеудің маңызы зор.

Сондай-ақ бюро отырысында Мәжілістен келіп түскен заңдар жұмыс үшін тұрақты Комитеттерге бөлініп берілді.

## МИКРОКРЕДИТ РӘСІМДЕУ КҮШЕЙТІЛЕДІ

2025 жылдан бастап Қазақстанда онлайн микрокредит рәсімдеу кезінде қауіпсіздік талаптары күшейтілетін болды. Бұл туралы Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов мәлімдеді.



Ұлттық банк басшысының айтуынша, келер жылдан бастап онлайн микрокредит рәсімдеу кезінде биометриялық сәйкестендіру мен электрондық цифрлық қолтаңбаны қатар қолдану міндетті болады.

«Онлайн микрокредит рәсімдеу кезінде 2025 жылғы 1 қантардан бастап биометриялық сәйкестендіруді, сол сияқты электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) да бір мезгілде міндетті түрде қолдану талабы енгізіледі. Сондай-ақ микрокредит ұйымдары (МКҰ) үшін клиент ақша аударғанға дейін оған банктік шоттың немесе төлем картасының тиесілігін сәйкестендіру талап етіледі», – делінген жауапта.

Бұдан басқа банктер төлемдер мен аударымдарды жүзеге асыру барысында клиенттің мобильді нөміріне тексеру кодын жібереді. Осылайша, клиентті үш факторлы тексеру жүзеге асырылады. Сонымен қоса, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі банктерге онлайн кредиттер рәсімдеген кезде өтім берілгеннен кейін келесі күннен кешіктірмей оны мақұлдауға кеңес берді, осылайша клиент өзіне алаяқтар мәжбүрлеп берген кредиттен бас тарта алатын «шешімді өзгерту» кезеңі енгізіледі.

Ұлттық банк басшысы азаматтардың несие алудан өз еркімен бас тарту құқығы бар екенін еске салды. Қазір бұл мүмкіндікті шамамен 700 мың қазақстандық пайдаланды.

## МӘЖІЛІС

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БЮДЖЕТ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫН ҚАРАЙДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, онда алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.



2025-2027 жылдарға арналған республикалық бюджет және Президент тапсырмалары туралы және осы жылдарға Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферт туралы заң жобалары депутаттардың қарауына ұсынылады. Түзетулер еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму болжамын, 2025-2027 жылдарға

арналған бюджет параметрлерін және Президент тапсырмаларын негізге ала отырып, Бюджет кодексіне сәйкес әзірленді.

Сондай-ақ депутаттар «Қазақстан Республикасының аумақтық қорғанысы туралы» заң жобасын ілесіп түзетулерімен бірінші оқылымда талқылай-

ды. Үкімет әзірлеген заң жобасы республиканың аумақтық қорғанысының құқықтық негіздерін, мақсаттары мен қағидаттарын айқындап, мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен азаматтардың аумақтық қорғаныс саласындағы өкілеттіктері мен міндеттерін белгілейді.

## АУКЦИОНДА 7,6 МЛРД ТЕҢГЕ АКТИВ САТЫЛДЫ

«Қайтарылған активтерді басқару компаниясы» ЖШС мемлекет меншігіне Алматы қаласынан қайтарылған нысандарды аукционда сатып жатыр. Бүгінге дейін Алматыда сатылған активтерден 7,6 млрд теңгеден астам табыс түскен.

Қазірге дейін Алматы қаласы бойынша компания иелігінде болған 3 нысан аукционда сатылған. Олар: «Байтақ» шағынауданындағы жер учаскесі, Байтұрсынов көшесінің бойындағы әкімшілік ғимарат және «Орион» бизнес орталығы.

«Байтақ» шағынауданындағы жер учаскесі аукционға 176 млн теңге бағамен шығарылып, нәтижесінде 657 млн теңгеге сатылған. Байтұрсынов көшесі, 46 мекенжайында орналасқан әкімшілік ғимараттың сатылымға шығарылған бастапқы бағасы 663 млн теңге болды. Ал аукционда сатудың қорытынды бағасы 732 млн теңгеге жетті. Сатылым ашық электрондық сауда-саттық шеңберінде жүргізілді, бұл бастапқы бағамен салыстырғанда, активтердің құнын едәуір арттыруға мүмкіндік берді», – делінген компания жауабында.

«Қайтарылған активтерді басқару компаниясы» ЖШС 100% мемлекеттің меншігіндегі мекеме болып есептеледі. Оның міндеті – мемлекетке қайтарылған активтерді мемлекеттің атынан меншікке қабылдау. Ақшалай қаражат түріндегі активтер басқарушы компанияны айналып өтіп, тікелей Арнайы мемлекеттік қорға аударылады.

Басқарушы компания құрылған сәттен, яғни 2023 жылдың 21 қыркүйегінен бастап 2024 жылғы 17 қазанға дейін компанияның балансына 62 актив берілді.



## «СМАРТФОНСЫЗ МЕКТЕП» ЖОБАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Астана қаласының бірқатар мектебінде жаңа жоба қолға алынды. Оқушылар сабақ барысында алаңдамауы үшін ұялы телефондарын ұстамайды. Бұл туралы елорданың Білім басқармасының баспасөз қызметі хабарлады.

«Білім сапасын арттыру мақсатында Астанада бірқатар білім беру ұйымында «Смартфонсыз мектеп» жобасы іске асып жатыр. Оқушылар сабақтың алдында ұялы телефондарын арнайы ұяшықтарға салып қояды. Мұндай іс-шара оқушылардың ойлау қабілеті мен психологиялық жай-күйіне оң әсер етеді», – делінген хабарламада.

Еске сала кетсек, былтыр қарашада оқушыларға сабақ үстінде телефон қарауға шектеу енгізілген болатын. Бұл заң жобасы Мәжілістің жалпы отырысында қабылданды.

## ЖАҢА СЕРПІН БЕРЕТІН ЖОБА



Ақтөбеде алғаш рет ұйымдастырылған ауыл әкімдері форумында өзекті мәселелер талқыланып, ұсыныстар айтылды. Жиынға партия хатшысы Ержан Жылқыбаев, Мәжіліс депутаты Қазыбек Әлішев, облыс әкімі Асхат Шахаров және «AMANAT» партиясынан сайланған аудандық, қалалық, ауылдық округ әкімдері, мәслихат депутаттары, департамент және басқарма басшылары қатысты.

«Дамыған демократиялық қоғам құру — Мемлекет басшысының негізгі бағыттарының бірі. Президент әр Жолдауында елімізде әділдік пен демократия принциптерін нығайту жолында жүйелі түрде жағдай жасалып жатқанын айтып келеді. Қазір өңірде 157 әртүрлі деңгейдегі әкім бар. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының 2021 жылғы Жарлығынан кейін 155 қала және ауыл әкімдерінің сайлауы өткізілді. Сонымен бірге 2023 жылы 3 аудан әкімі пилоттық жобамен тікелей сайланды. Партияның және өздерінің сайлауалды бағдарламаларының орындалуын қатаң бақылауда ұстау қажет. Партиялар мен әкімдердің белгіленген міндеттемелерді тиімді орындау азаматтардың сенімін сақтауға мүмкіндік береді», — деді өңір басшысы форумын ашылу рәсімінде.

Партия хатшысы Ержан Жылқыбаев өз сөзінде аз ғана уақыттың ішінде еліміздегі реформалардың заннамалық кешені әзірленгенін атап өтіп, саяси институттар қайта жаңғырудан өткеніне, Мәжіліс пен мәслихаттар көппартиялы болғанына, бірмандатты депутаттар оралғанына назар аударды.

«Бұл Реформалар «AMANAT» партиясына да тікелей әсер етті. Жаңа қоғамдық-саяси ортада, партияда жүйелі ішкі өзгерістер жүргізілді, халықпен жұмыс тәсілдері жаңартылды. Партия сайлаушылардың талап-тілегіне негізделген жұмысқа басымдық беруде. Қоғамда абыройы бар, лайықты кандидаттарды ұсынып келеді. Бұл

Мәжіліс, мәслихаттар және әкімдер сайлауларында халықтың сеніміне ие болуға мүмкіндік береді. Сол себепті «AMANAT» партиясы жергілікті жердегі жүйелі жұмысқа назар аударып, еліміздің барлық аймағында ауыл әкімдерінің форумын өткізуде», — деді ол.

Партия хатшысы ауыл әкімдерінің сайлауына, Сайлауалды бағдарлама мен партиялық жобалардың жүзеге асырылуына, қоғамдық қабылдаулардың жұмысына және жастармен жұмыс барысына кеңірек тоқталды. Ол форумда айтылған ұсыныстар мен идеялар, тың бастамалар «AMANAT» партиясы атынан сайланған ауыл әкімдерінің табанды жұмысы мен кәсіби шеберлігіне жаңа серпін беретінін алға тартты.

Форумда модераторлық еткен партияның облыстық филиалы төрағасы Ербол Данағұловтың айтуынша, Ақтөбе облысында 2021 жылғы шілдеден бастап 155 ауыл әкімдерінің сайлауы өткізілді, оның ішінде партиядан ұсынылған 141 (90%) кандидат жеңіске жеткен. Қазір Ақтөбе облысында 7 қала, 135 ауылдық округ болса, олардың 133-інде «AMANAT» партиясының мүшелері әкім болып отыр.

Жиында «AMANAT» партиясынан сайланған Қобда ауданы және Мәртөк ауданы Төңірберген ауылдық округінің әкімдерінің баяндамасы тыңдалды. Форум жұмысы қалалық, ауылдық округ әкімдеріне арналған секциялық жұмыс және семинар тренингтермен жалғасты.

## ҰЛЫТАУДА АУЫЛ ӘКІМДЕРІ ФОРУМЫ ӨТТІ

«AMANAT» партиясының ұйымдастыруымен Ұлытау облысындағы ауыл әкімдерінің форумы өтті. Жиынға облыс әкімі, өңірдегі құқық қорғау органдарының басшылары, аумақтық партия филиалының төрағалары мен атқарушы хатшылары және 34 ауылдық округ әкімі қатысты.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биыл халыққа Жолдауында ауыл әкімдерін тікелей сайлау жүйесі 2021 жылы енгізілгенін және содан бері 2,5 мыңға жуық әкім сайланғанын, бұл — барша ауыл әкімдерінің 90 пайызға жуығы екенін атап өткен еді.

Осы орайда «AMANAT» партиясының хатшысы Шолпан Каринова ауыл әкімдері институтының нәтижесі табысты реформаның маңызды міндеті саналатынын атап өтті.

«Мемлекет басшысы атап өткендей, кәсіпкерлер, қоғам белсенділері және жастар қатарынан шыққан көптеген әкім қазір ел басқару ісінде тәжірибе жинауда. Мәселен, Ұлытау облысындағы 34 ауылдық округ әкімінің барлығы «AMANAT» партиясынан сайланды. Түптеп келгенде, сіздер ауылдық деңгейдегі «AMANAT»-тың өкілі ретінде партия құндылықтарын жеткізуші жауапты азаматсыздар. Сіздердің жұмыстарыңызға қарап, халық партияны таниды», — деді ол.

Сондай-ақ Шолпан Каринова партияның сайлауалды бағдарламасына, партиялық жобаларға және өңірді дамыту жөніндегі Жол картасына тоқталып, ауыл әкімдері назар аударуға тиіс бағыттарға мән берді.

Өз кезегінде, Жаңаарқа кентінің әкімі Мейрам Қуанышбеков елімізде демократиялы, зайырлы мемлекет құру бағытында нақты қадамдар жасалып жатқанын жеткізді.

«Бұл бағыттардағы басты көрсеткіштің бірі — халықты мемлекеттік басқару процесіне кеңінен тарту. Бұл бір жағынан атқарушы органдардың халық алдындағы жауапкершілігін арттыру болса, екінші

жағынан — әр аймақтың дамуына қосылған үлкен үлес. Осы қағидаттарды негізге ала отырып, биыл Жаңаарқа кенті әкімінің аппараты бекітілген іс-шаралар жоспарына, кенттің әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасына сәйкес бірқатар жұмыс атқарды. Барлық нәтижеге кент тұрғындарының ауызбіршілігі арқылы қол жеткіздік», — деді ол.

Жалпы, аталған форум жергілікті билік органдарының өзара байланыс алаңы саналады. Дәл осы алаңда ауыл әкімдері мен депутаттар арасында тәжірибе алмасуға, атқарылатын жұмыстарды айқындауға көп мүмкіндік берілді.

Форум барысында «AMANAT» партиясының «Ауыл аманаты», «Жер аманаты» жобалары аясында жиі қойылатын сауалдар талқыланып, аталған бағдарламаларды жүзеге асыру тетіктері мен талаптары түсіндірілді. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың жаңа қадамдары кеңінен талқыланып, форум қатысушыларына түрлі тренинг өткізілді.

Осылайша, форум жұмысы пленарлық сессия форматында өтіп, бас-аяғы 2 бөлімнен тұрды. Форумның екінші бөлігі семинар-тренингпен жалғасты. Онда әкімдер заннамадағы, оның ішінде мемлекеттік сатып алу саласындағы өзгерістер туралы жан-жақты ақпарат алды. Мемлекеттік қызмет істері саласындағы тренерлер менеджмент процесін жетілдіру, имидж қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар берді.

Дайындаған Әсет ҚАЛИ

## ӘЛЕУМЕТТІК САЛАНЫҢ ӘЛЕУЕТІ АРТТЫ

Жетісу облысы ауылдарында Республика күні қарсаңында 5 жаңа әлеуметтік нысан пайдалануға беріліп, жүзге жуық тұрғын баспаналы болды. Әлеуметтік саланың әлеуетін арттырып, халықтың қолын ұзартқан нысандар қатарында дәрігерлік амбулатория, ауылдық клуб, ауылдық әкімдік, саябақ және басқа да жергілікті жұрт үшін орны бөлек, аса қажетті орындар бар.

**Болат АБАҒАН,**  
Жетісу облысы

Облыс орталығымен қоңсылас қоныстанған, жасыл желегі мол, егіншілік саласы еселеп дамып, жеміс шаруашылығы аймақтың шырайын келтіріп, шаруасын шалқытып тұрған Ескелді ауданында мереке қарсаңында екі бірдей нысан пайдалануға берілді. Атап айтқанда, руханиятқа сусап жүрген жергілікті жұртшылықтың талай жылғы тілегі қабыл болып, Жалғызғаш ауылында жаңа



блокты-модульді ауылдық мәдениет клубы ашылса, алға жылжыған жылдармен бірге қанатын кенге жайып келе жатқан Қаратал ауылында блокты-модульді ауылдық әкімдік пайдалануға берілді. Сол сияқты тау бөктеріндегі Текелі қаласы тұрғындарының денсаулық сақтау қызметіне деген қолжетімділігі жақсара түсті. Кейінгі жылдары халқының саны тұрақтап қана қоймай, аздап болса да бұрынғы қалпына келіп қалған кеншілер шаһарында дәрігерлік амбулатория ашылды. Көксу ауданындағы ірі елді мекендердің бірі Мұқыры ауылында да күрделі жөндеуден кейін қайта іске қосылған медициналық мекеме халыққа қызмет көрсетуге кірісті.

— Мұқыры ауылында туып-өстім. Ата-анам да осында баяғыдан тұрады. Ертеректе ауылымызда медпункт болған, сосын фельдшерлік-акушерлік

пункт салынды, кейін 80-жылдары дәрігерлік амбулатория тұрғызылды. Дегенмен соңғы жылдары тозығы жеткен, жөндеу көрмеген денсаулық сақтау нысаны ғимаратының елге қызмет көрсетуі тым күрделеніп, қиындап кеткен болатын. Әсіресе, қысты күндері жұртшылық қатты қысылатын. Міне, сол мәселе ақыры шешімін тапты. Мереке қарсаңында жаңарып, жаңғыртылған нысан қолданысқа беріліп отыр. Қан қысымы жоғары болғандықтан, амбулаторияда есепте тұрамын. Дәрігерлеріміз білікті, есептегі емделуші ретінде дәрілерімізді тегін, уақытылы алып тұрамыз, — дейді мұқырылық тұрғын Жұмаділ Жолдыбаев.

Қазір Мұқыры ауылында 3,5 мың адам тұрады, сондықтан мұндағы медициналық нысанды жаңартып, қызмет көрсету сапасын арттырудың маңызы аса



зор. Мемлекет қолдауының арқасында денсаулық сақтау инфрақұрылымын жаңғыртумен қатар кадрлық мәселелер де ретімен шешімін табуға.

— Медициналық жоғары оқу орнын бітіргеніме бір жыл болды. Ауылға жұмыс істеуге келдім, оған еш өкінбеймін. Адамдарға шамам жеткенше сапалы дәрігерлік көмек көрсетуге тырысамын. Қайта жаңғырып, жаңартылған амбулаторияда жергілікті тұрғындар көңілінен шығатындай медициналық қызмет көрсетуге барлық жағдай жасалған, қажетті құрал-жабдықтармен толық қамтылған. Ауылдастарыма дәрігерлік көмегім тиетініне қуаныштымын, — дейді жас маман, жалпы тәжірибе дәрігері Арайлым Шаханбекова.

Жоғарыда жазғанымыздай, облыста мерекеде қоныстойлары да көп болды. Өңірдегі Қаратал, Көксу, Панфилов аудан-

дарында жалпы саны 70 отбасы жеке үйлерге ие болды. Көксу ауданындағы Жарлыөзек және Балпық би ауылдарында 17 үйдін, Қаратал ауданының орталығы Үштөбе каласында 23 үйдін, Панфилов ауданының орталығы Жаркент каласында екі пәтерлі 15 үйдін кілті тапсырылды.

— Көпбалалы ретінде кезекте тұрғанмын. Биыл кезегіміз келіп, үйлі болып жатырмыз. Бес балам бар, үлкені — он жаста, кішісі — бір жарым жаста. Күйеуім Кербулак ауданындағы цемент зауытында жұмыс істейді. Өзім бала күтімімен үйде отырмын. Балалармен пәтерден пәтерге көшіп жүру қаржылық жағынан да, моральдық жағынан қиын болып еді. Енді үйлі болып, қоныстой қуанышына жеттік. Үйіміз ұнады, кең, жарық, жылы, балаларымның несібесі ғой, — дейді жаңа қоныс иесі, Жарлыөзек ауылының тұрғыны Рукия Райым.

29 ҚАЗАН 2024 | СЕЙСЕНБІ

# ТӘТТІ ТҮБІРДЕН – ТАРИХИ РЕКОРД



Айхан ШӘРІП

(Басы 1-бетте)

## ЕГЕМЕНДІКТИҢ БРЕН ЖЕТІСТІГІ

Қант өндірісі Қазақстанда қашанда экономика мен азық-түлік қауіпсіздігінің ең бір талмау тұсы, осал жері болатын. Кеңес Одағының «кемеліне келген» кезінде де республика құмшекер жөнінен өзге елдерге қатты тәуелді болды. Тәуелсіздіктің өткен онжылдықтарында бұл тапшылықпен таршылық еңсерілмеді, керісінше ұшыға түсті. Оның шырауы шегі коронавирус пандемиясы заманына тұспа-тұс келді.

Сонда Қазақстан Үкіметіне Еуразиялық экономикалық комиссияға қайта-қайта жүгініп, алыс шетелден қант құрағын әкелуге қойылған шектеуді босансытуды сұрауға тура келді. Өйткені Еуразиялық одақ аясында еліміздің қант өндірушілерінің мүддесін агрессивті ілгерілеткен Ресей мен Беларусь көп жылдан бері ЕАЭО аумағына шетелден қант пен оның шикізатын енгізуге тегеурінді тосқауыл қойды. Атап айтқанда, жоғары баж салығы кесірінен

1 млн 200 мың тоннадай жиналады деп жоспарланған). Одан 135 мың тонна қант өндірілді. Соның өзінде елдің ішкі қажеттілігі отандық өніммен 35 пайызға қамтылды. Одан кейін өндіріс қарқынды құлдырады және кейінгі онжылдықтарда керекті құмшекердің 95%-ға дейінгісі шетелден тасылады немесе импорттық қант құрағынан жасалады. Тиісінше, шамамен 5 пайыздай ғана қазақстандық қызылшадан өндіріледі, — деді экономика ғылымдарының докторы, Ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының академигі Асқар Шәріпов.

Салдарынан, Қазақстан әлемдегі қанттың аса ірі импорттаушыларының біріне айналып кетті. Жағдайды түзеу үшін тікелей Президенттің тапсырмасымен, Үкімет 2022 жылғы 22 қыркүйектегі №726 қаулысымен «Қазақстанда қант саласын дамыту жөніндегі 2022—2026 жылдарға арналған кешенді жоспарды» бекітті. Сондай-ақ елімізде «тәтті түбірді» өсіруісіне инновациялық технологиялар енгізіле бастады. Оның мәні — егіс үшін қызылшаның барынша өнімді, өсімтал сұрыптары мен дақылдар гибридтерін іріктеп алуды, сондай-ақ қант қызылшасының өсуі мен дамуы

360 центнерден төмен болмапты. Ал, 2024 жылы әр гектардан 550-700 центнерге дейін барғалы тұр. Ендеше аз егіп, көп өнім алатын еңбек өнімділігіне қол жеткізе бастады. Бұл тұрғыда да таңдануға, тәтті болуға, тарихқа жазуға тұрарлық рекорд орнайды.

## МИЛЛИОН ТОННА ҚЫЗЫЛША ӨНДЕЛМЕК

Қазір дәнді дақылдарды оғу толық аяқталғанымен, қант қызылшасын және майлы дақылдарды жинау жалғасып жатыр. Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров 2024 жылы қант қызылшасы бойынша рекордтық өнім алынатынын жариялады.

— Биыл қант қызылшасының рекордтық өнімі күтіледі. Қант қызылшасының 10 мың гектары немесе 40%-ы жиналып, өнімділік әр гектардан орта есеппен 540 центнерден айналды. 23 қазандағы жағдай бойынша әзірше 549 мың тоннасы жиналды. Жамбыл және Жетісу облыстарының әкімдіктері жана өнімді қант зауыттарына жеткізу мәселесін қарастырып, әрбір ауыл шаруашылығы өндірушісінің қант қызылшасын қабылдау кестесін жасағанын атап өту керек. Бүгінгі күні өндеуге 432 мың тонна қант қызылшасы жеткізілді, — деді министр.

Ол астық жинау науқанының қорытындысында биыл 1,2 миллион тоннадай қант қызылшасы (Жамбыл облысында — 640 мың, Жетісу облысында — 560 мың тонна) алынатынын жеткізді. Алдағы мақсат — осы өнімді ысырап етпей, ел қажеттілігіне жарату. Бұл мақсат-мұраттың қалай жүзеге асырылып жатқанын Се-

Үкімет ұшан-теңіз астықты рәсуа етпей, ел игілігіне айналдыру үшін жоғарыда аталған Қант саласын дамыту жөніндегі кешенді жоспар аясында қант зауыттары кеңейту, технологиялық жабықтарын жаңарту және жана инновациялық қант зауытын салу мәселесін пысықтап жатыр.

Елде бүгінде 4 қант зауыты ғана жұмыс істейді. Бұлар — «Ақсу-Қант» ЖШС, «Көксу қант зауыты» ЖШС, «Меркі қант зауыты» ЖШС және «Тараз қант зауыты» ЖШС.

Олжас Бектеновтің айтуынша, қант зауыттарының технологиялық желісін жаңарту және өндірісті автоматтандыру үшін 2028 жылға дейін жалпы сомасы 57,4 миллиард теңге қаражат қажет. 2026 жылға дейінгі кешенді жоспар аясында Жамбыл облысындағы Меркі қант зауытының қуаттылығын 3-тен 4 мың тоннаға дейін кеңейту, ал Тараз зауытында қант қызылшасын өңдейтін технологиялық жабық орнату үшін техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жетісу облысындағы Ақсу қант зауытын жаңғыртуға 11,4 млрд теңгеге жуық инвестицияланды. Сондай-ақ облыстық бюджеттен осы зауыттың негізгі жабықтарына жөнделу жүргізу үшін 3,3 млрд теңге бөлінді. Жөнделу жұмыстары алдағы апталарда аяқталуға тиіс.

Үкімет басшысы Жамбыл облысының Шу қаласында QazSugar Co ЖШС қуаттылығы жылына 130 мың тонна қант шығаруға жететін заманауи жоғары технологиялық қант зауытын салу жобасын пысықтап жатқанын хабарлады. QazSugar Co ЖШС мен Түркканың ірі қант өндірушісі — Anadolu Birlik Holding A.S. арасында жобаны іске асыру жөніндегі бірлескен қызмет туралы меморандум жасалды.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің дерегіне, бұл қант зауыты жылына 1 миллион тоннаға дейін қызылшаны өңдей алады. 2024 жылғы 8 қазанда, Үкіметте вице-премьер Серік Жұманғариннің төрағалығымен ұйымдастырылған жиында жобаның тұсаукесері өтті. Жобаға сәйкес, зауыттың өндеу қуаты тәулігіне 8-10 мың тонна құрайды, бұл жылына 1 млн тонна қант қызылшасын өндеуге және 130 мың тоннаға жуық қант жасауға мүмкіндік береді. Отырыста қолданыстағы қант зауыттарын жаңғырту және жаңа зауыт салу нәтижесінде Қазақстанның қант импортына тәуелділігі кезек-кезеңімен төмендетілетіні және қант қызылшасы тереңдете өңделіп, жана өнімдер шығарылатыны айтылды.

## САЛАДА ҚАНДАЙ ҚИЫН-ДЫҚТАР БАР?

Олжас Бектеновтің тұжырымдауынша, отандық шикізатты молынан

Меркі қант зауытының 9 млрд теңге өтінімі қарастырылып жатыр.

Отандық шикізатты өндеуге бағдарланған үш зауыттың қуаты биылғы мол астықты тез игеруге жетпей жатқаны байқалады. Бұл ауыл шаруашылығы өндірушілері мен трейдерлердің наразылығын туғызды. Мысалы, Меркі зауытының алдында қызылша тиелген жүк көліктері ауқымды көлемде жиналып, кептеліс туындады. Жүргізушілер кезегін ұзақ күтті. Жағдайды шиеленіске жеткізбеу үшін Жамбыл облысына ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров аттанды. Ол Меркі қант зауытының акционерлерімен кездесті, қызылша қабылдау пунктінде астықты қабылдау, өндеу және қант өндіру процесімен танысты, жүргізушілермен келіссөз жүргізіп, жағдайды түсіндірді.

Дау-жанжалдың тууының мәнісі мынада: биыл Жамбыл облысы қант қызылшасын бұрын-соңды болмаған көлемде, 600 мың тоннадан астамын жинамақ. Алайда жергілікті Меркі зауыты әрі кетсе соның тек 450 мың тоннаға дейінгісін қабылдап, өндеуге дайын. Мұның сыртында жана астықты қабылдау бертінде ғана басталды. Кәсіпорынға ағылған өнімнің үлкен көліне байланысты оны қабылдауды қиындатып туындады, көліктерден ұзын-сонар кезектер пайда болды. Мәжбүрлі ұзақ күту фермерлердің наразылығын тудырды.

АШМ Жамбыл облысы әкімдігімен бірлесіп, жағдайды шешуге бағытталған жедел шаралар қабылдады. Біріншіден, 10 қазаннан бастап зауыттың қант қызылшасын қабылдау бойынша тәуліктік қуаты қосымша төсеу машиналары есебінен бұрынғы 4,5 мыңнан 5,9—6 мың тоннаға дейін күрт ұлғайтылды. Бірақ Меркі зауыты биылғы астықтан бәрібір жалпы көлемі 450 мың тонна қызылшаны ғана қабылдайды.

Екіншіден, өнімдерді зауыт акционерлерімен бірге бекітілген кесте бойынша қабылдау енгізілді. Бұл фермерлердің қызылшаны зауытқа өз бетінше бейберекет әкелуін тоқтатып, жеткізілді реттеуге мүмкіндік береді. Үшіншіден, зауыттан 100 шақырымнан қашық жатқан егін шаруашылықтарына шикізатты жеткізу кезіндегі көлік шығындарына өтемақы енгізілді: ол әр келісі үшін 3 теңгені құрайды. Осы арқылы дикандар өнімнің басқа зауыттарға апаруға алады.

«Үкімет Қазақстанда өндірілген қант қызылшасының барлық көлемін Қазақстанның қант зауыттарында қабылдауына кепілдік береді! АШМ облыс әкімдіктерімен және зауыттармен бірлесіп қант қызылшасын жүктеу жоспары мен қабылдау кестесін күні бүрұн әзірледі. Меркі қант зауыты қуатының жетіспеушілігін ескеріп, Жамбыл облысының 100 мың тонна қант

**Отандық шикізатты өндеуге бағдарланған үш зауыттың қуаты биылғы мол астықты тез игеруге жетпей жатқаны байқалады. Бұл ауыл шаруашылығы өндірушілері мен трейдерлердің наразылығын туғызды. Мысалы, Меркі зауытының алдында қызылша тиелген жүк көліктері ауқымды көлемде жиналып, кептеліс туындады.**

оларды сырттан тасу тиімсіз болып қалды. Бұл ретте одақтың сол баж салығы негізінен Ресейдің бюджетіне түседі.

Салдарынан, кейінгі бес жылда Қазақстан қант жөнінен Ресей мен Беларуське тәуелді болды. Пандемия кезінде шекараларын тарс жапқан, ішкі нарығын қорғаған бұл екі одақтас Қазақстанға қантын бермей қойып, республикамызда өткір тапшылық туындады. Жергілікті әкімдіктер бұл өнімді бір қолға 5 келіден артық саппау туралы қатаң норма енгізді. Тек ел Үкіметі Еуразиялық экономикалық комиссиядан 2022 жылғы 31 тамызға дейін Бразилиядан, Мексикадан 350 мың тонна шикі құрақ қантын одақтың баж салығынсыз әкелуге қол жеткізгеннен кейін ғана баға мен нарық тұрақтанды. Міне, енді Қазақстанға алыс-жақын шетелге тәуелділіктен біршама арылуға мүмкіндік беріліп отыр.

— Қазақстан ұзақ жылдан бері сырттан тасылатын қантқа және әлемдік баға конъюктурасына қатты тәуелді. Ішкі сұраныс жыл санап өсіп келеді. Бұған дейінгі астық рекорды 1990 жылы болған еді. Сонда Қазақстанда 1 миллион 43,7 мың тонна қант қызылшасы жиналды (биыл

үшін мейлінше қолайлы жағдайлар туғызатын агротәсілдер кешенін қолдануды қарастырды.

Сонымен бір мезгілде қант қызылшасын өсірушілерге және өндеушілерге ұсынылатын субсидиялар арттырылды (дикандарға келісіне — 25 теңгеден, зауыттарға — 15 теңгеден берілді). Оның егілетін егістігінің көлемі еселеп ұлғайтылды: 2024 жылы 25,2 мың гектарды құрады. Салыстырсақ, қант қызылшасы 2022 жылы небәрі 11,6 мың, 2023 жылы — 13,4 мың гектарға егілген. Жалпы, Үкімет қант қызылшасының егіс алқаптарын жыл сайын орташа есеппен 6,5 мың гектарға ұлғайтып, келесі екі жылда 38 мың гектарға дейін жеткізбек.

Академик, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Шолпан Бастаубаева бір маңызды жайтқа назар аудартады. «Ауыл шаруашылығы ғылымына баса мән берілді» деп кейбірі ансай еске алатын Кеңес заманында қант қызылшасының өнімділігі бойынша ең жоғарғы нәтижеге тек 1972 жылы ғана қол жеткізілді: Қазақстанда оның астығы 73,1 мың гектардан 338 центнерден айналған. Кейін қайта құлдырады. Тәуелсіз Қазақстанда болса, кейінгі кезеңде тәтті түбірдің жыл сайынғы шығымдылығы әр гектардан



нат депутаттарына Үкімет басшысы Олжас Бектенов айтты берді. Оның мәліметінше, биыл Жамбыл облысында қызылшаның өнімділігі әр гектарынан 700 центнерден асып түсті! Мұндай көрсеткішке әлемдік империя саналған, адами, ғылыми, қаржылық ресурстары ғаламат Кеңес Одағы да қол жеткізе алмады.

өндеу есебінен 2026 жылға қарай өндіріс көлемін ұлғайтатын, сөйтіп ішкі нарықтың қазақстандық қантпен қамтамасыз етілуін қазіргі 7%-дан 43%-ға дейін арттыратын іс-шаралар қолға алынды.

Құрылысы әзірге басталмаған жана зауыт, әрине, биылғы рекордтық астықты игеруге қатыса алмайды. Үкіметтің дерегіне, 2024 жылы Меркі қант зауытында — 450 мың тонна, Көксу зауытында — 250 мың тонна, Ақсу зауытында — 400 мың қызылшаны өндеу жоспарланған. Тараз зауытының қант қызылшасын өндеуге арналған жабығы жоқ, тек қант құрағын өңдейді. Онда қант қызылшасын да өңдейтін технологиялық желі орнатудың құжаттары әзірленіп жатыр.

Қант зауыттарын айналым қаражатпен қамту үшін «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ «Ақсу Қант» ЖШС-ның айналым қаражатын 15 млрд теңгеге толықтыру өтінімін мақұлдады.

қызылшасын Жетісу облысындағы Ақсу қант зауытына қайта бағыттауға шешім қабылданды. Осыған орай фермерлерге көлік шығындарын өтеу мақсатында субсидиялау нормативі тоннасына 25 мың теңгеден 45 мың теңгеге дейін ұлғайтылды», — деді АШМ.

Жамбыл облысында 1 млн тонна қант қызылшасын өңдейтін жаңа зауыт салынса, фермерлердің мәселесі де біршама шешілер еді. Сенатор Сәкен Арубаевтың пайымдауынша, биылғы астықтан миллион тоннасы өңделсе, 120-130 мың тонна қант алуға болады. Республикада қантты ішкі тұтынуың көлемі — 507 мың тонна. РФ пен Беларусь қантына жоғары тәуелділік бәрібір сақталады. Сондықтан қант өндірісін дамыту — ұлы мұрат және Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің стратегиялық басым бағыттарының бірі болып қала береді.



## МЕРЕЙ



«Алпыстан асқаннан ақыл сұра» дейді біздің дана халқымыз. Тағы да сол атам қазақ «Алпыстағы адамнан бата алған жанның бақыты жанады, тоқсан тарау жолы жақсылыққа ашылады» деп те дәріптейді екен. Биыл сол ақыл сұрайтын хәм бата беретін асқаралы 60 жасқа Серік Жанболат толды. Ғасыр ақыны атанған Мұқағали Мақатаев:

– Бәрін де көрдіңіздер,  
Бәріне көндіңіздер,  
Бәріне сендіңіздер,  
Бәрін де бердіңіздер,  
Сіздер алпысқа келдіңіздер, –  
деп жырлағандай, осы алты асуды алғанға дейін Секең де өмірдің былығы мен шылығын хәм қиыны мен қызығын – бәрін көрді. Тайқы маңдайдың жазғанына көнді, алаяқтардың алдауына сенді, қолында барды берді. Мына жалған сонысымен мәнді де сәнді.

Серік Жанболат – жампоз журналист, білімді де білікті басшы, ұлағатты ұстаз, әділ де әдепті әріптес. Ең бастысы, сегіз қырлы, бір сырлы, адамгершілігі зор, жүрегі таза, арлы да абыройлы азамат. Өткен ғасырдың 88-жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Журналистика факультетінде қатар оқыды. Ол сол кездің өзінде домбыра мен гитарда ән салып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленіп жүретін. Сөзін де, әнін де өзі жазатын. Кейде халық әндері мен елге белгілі композиторлардың әндерінен де шашу шашып қоятын. Қара шанырақта өтіп тұратын түрлі мәдени шаралар мен қоғамдық жұмыстарға белсене араласатын. Әсіресе, ұлттық мәселелерге келгенде жанып кететін. Оқып жүрген кезінде «Қазақстан» ұлттық телеарнасында қосымша жұмыс істеді. Жастығына қарамай, ел мен жер, діл мен тіл, әдебиет пен мәдениет, жастар мәселесі туралы көкейтесті хабарлар түсірді. Замандастары Табылды Досымов, Бауыржан Үсенов, айтыскер ақын Әзімбек Жанқұлиев, керемет күйші Секен Тұрысбеков, тағы басқа көптеген өнерлі жастарды таспаға түсіріп, олардың өнерін елге кеңінен насихаттады. Әйтеуір, бір тыным таппайтын. Кейін «Қазақстан», «Хабар» арналарында басшылық қызметтерді абыроймен атқарды. Осы телеарналардағы «Әнші балапан», «Сиқырлы қазан», «Жігіттің сұлтаны», «Үкілі үміт», «Тайбурыл», «Қазақтың Қажымұқаны», «Сәлем, Қазақстан!», «Көкпар» тағы басқа бағдарламалар – Секең

қызмет еткен жылдардың жемісі. Бұл хабарлардың барлығы көрермендердің көзінарына айналды.

Сондай-ақ ол – қазақтың ақиық ақыны Шәкерім Құдайберді туралы «Шәкерім: Мен жау емеспін», Халық ақыны Шәкір Әбенев жайлы «Ғасыр жасаған ақын», Мұқағали Мақатаевтың өмірі туралы «Мұқағалидың шындығы», қазақтың батыр ұлы Мұстафа Өзтүрік жайындағы «Қазақтың қара баласы» сияқты көптеген деректі фильмдердің авторы.

Мұхаммед (с.ғ.с.)-ға бір сахаба келіп: «Уа, Расулалла! Алла Тағала қандай пендесін бәрінен артық жақсы көреді?» деп сұрайды. Сонда Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Өзгелерге пайдасы ең көп тиген адам – Алла Тағаланың ең сүйікті пендесі. Құдайға ең ұнамды амал – мұсылман бауырыңды қиындықтан құтқарып, қарызын өтеп немесе қарнын тойдырып қуанту. Мәдина мешітінде бір ай бойы құлшылық жасағанша,

## АРЛЫ ДА АБЫРОЙЛЫ АЗАМАТ



бауырыма болмақшы нәрселе жәрдем бергенім маған әлдеқайда артық көрінеді» дейді. Міне, Серік Мейрамбекулы – өзіме емес, өзгеге болсын деген хәм әріптестерін қиындықтан құтқарған адам. Бұл сөзіме төмендегі оқиғалар дәлел бола алады.

2004 жылы «Айқын» газетін Ерлан Бекхожин және Сайын Ермағұлармен бірлесіп жүріп ашып, талғамы зор оқырман қауым жата-жастана оқитын басылымға айналдырды. Қазақ журналистикасының тарихында бұрын-соңды тілшілерге барлық жағдай жасап, мол жалақы мен қаламақы төлеген «Айқындай» газет болған жоқ. Қазақтың небір белгілі журналистерін қарамағына тартты. Жастарды тәрбиеледі. Оларды руға, жерге бөлмеді. Мені №5 жатаканаға арнайы іздеп келіп, жұмысқа шақырды. Осының өзі үлкен азаматтық емес пе?! Әйтпесе, мен оның екі туып, бір қалғаны емеспін. Биографиямыз да, географиямыз да сәйкес келмейді. Қазіргі қазақ журналистерінің біразы осы Секеңнің арқасында жұмысқа тұрды, елге танылды. Үй алды, темір тұлпар мінді. «Айқын» газетінен «Жатыпатар» атты сатиралық

2005 жылы «Дала мен қала» газетінің бас редакторы Сапарбай Парманқұловтың шақыруымен орынбасар боп бардым. Сонда Секең батасын беріп, шығарып салды. Көп ұзамай, бір курстас досым әлі ашылмаған «50 де 50» атты газетке бас редакторлыққа шақырды. Бардық. Аштық. Басылым алғашқы санынан бастап оқырмандардың ойынан шығып, оқылмды газетке айнала бастады. Бірақ әлгі достың ұйымдастырушылық қабілетінің жоқтығы мен үлесінде тұра алмайтындығына байланысты қызметтен бір күнде кеттім де қалдым. Ал орыс тіліндегі газет ұжымы редактордан бастап, корректорға дейін жұмыс істеуден бас тартты. Сөйтпін, далада қалдық. Сол кезде үйді ипотекаға алған едік. Оны төлеу мұңға айналды. Соны естіген Секең, дереу орынбасары Мұратқали Дүйсенов арқылы қайта шақырып алды. Міне, бұл да пейілі кен, жүрегі ақ ер азаматтың ғана қолынан келетін жақсылық.

2008 жылы Серік Жанболат «Алаш айнасы» деген газет пен «Жұлдыз» FM радиосын ашты. Екеуі де табысты хәм оқылмды басылымға хәм ұнжарияға айналды. Бұл қос ұжымға да ылғи «сен тұр, мен атайын» деген талапты да талантты журналистерді таңдап алды. Сондықтан дәл қазіргі журналистердің арасында Секеңнің шарапатын көрген әріптестер кемде-кем. Ал 2014 жылы «Алаш айнасы» интернет порталын ашып, оны да бірнеше жыл бойы абыроймен басқарды. Қазір өзі оқыған қара шанырақта шәкірт тәрбиелеп жүр. Оның өз шәкірттеріне айтар ақылы да, берер тәлім-тәрбиесі де көп екеніне көміл сенеміз.

Серік Жанболат – ҚР Президенті сыйлығының иегері. Қазақстан Журналистер академиясының академигі. Қазақ журналистикасының қайраткері. Қазақстанның құрметті журналисі, Мәдениет қайраткері. «ҚР тәуелсіздігіне 20 жыл» медалі мен «Құрмет» орденінің иегері. Мұның бәрі – өз ісін құлай сүйетін майталман маман еңбегінің жемісі.

«Адам екі нәрсесі арқылы қартаймайды. Біріншісі – қайырымды ісі. Екіншісі – мейірімге толы сөзі» дейді Жүсіп Баласағұн. Сол айтпақшы, қайырымды ісіңіз бен мейірімге толы сөзіңіз арқылы халыққа қызмет ете беруді Алла нәсіп етсін!

Ермахан ШАЙХҰЛЫ,  
Қазақстанның еңбек  
сіңірген қайраткері



## АУЫЛДА СПОРТ КЕШЕНІ АШЫЛДЫ

Алматы облысында Республика күні мерекесінде бірқатар жаңалық болды. Баспаналы болып, қоныстойын тойлағандар саны да біраз. Сонымен бірге білім, спорт, денсаулық сақтау салаларында да жұрттың жүрегіне жылы әсер сыйлаған жақсы істер жүзеге асырылды. Солардың бірі ретінде халық саны мен алып жатқан аумағы бойынша облыстағы ғана емес, еліміздегі ең ірі аудандардың бірі Еңбекшіқазақ ауданының Ащысай ауылындағы тұрғындар жылдар бойы күткен 50 орындық заманауи спорт кешенінің салтанатты жағдайда ашылғанын атап өткен жөн. Жергілікті жердегі инфрақұрылымды дамытудағы елеулі қадам болып саналатын және ауыл тұрғындарының спортпен шұғылдануына, белсенді демалуына жаңа мүмкіндіктер ашатын нысанның іске қосылуы қалың бұқараны қатты қуантты.

Болат АБАҒАН,  
Алматы облысы

Ащысайлықтардың мереке кезіндегі қуанышын бөлісуге келгендер қатарында Алматы облысы әкімінің орынбасары Нұржан Құдайбергенов те болып, өңір жетекшілерінің лебізін жеткізді: «Еліміздің дамуында да елеулі жаңалықтар бар. Соның арқасында жергілікті жұрттың мұқтаждықтарын шешуге қатысты нақты қадамдар жасалуда. Ауыл тұрғындарының, оның ішінде жастардың бос уақытын мәнді де, пайдалы етіп өткізуге қолдау көрсетілуде. Ащысайда заманауи спорт кешенінің жұмысқа кірісуін сол бағытта қолға алынған жұмыстардың нәтижелерінің бірі деуге болады. Жаңа спорт кешенінің саналы ұрпақ тәрбиелеп, саламатты ұлт қалыптастыратын орталыққа айнал

латыны сөзсіз! Соған сай алдағы кезде бұл кешеннен халқымызды әлемге танытар атакты чемпиондар шығуына



тілектеспін!» – деді облыс әкімінің орынбасары.

Ащысайдағы спорт кешені Алматы облысы Құрылыс басқармасының тапсырысымен салыныпты. Құрылысты жүргізген бас мердігер – «СМУ Шығыс» ЖШС. Кешеннің құрылысы 2023 жылы басталып, бір жарым жыл ішінде аяқталып, спорттық шараларды ұйымдастыруға байланысты қойылатын барлық талапқа сай заманауи нысанға айналды. Жалпы ауданы 1538,6 м<sup>2</sup> болатын кешенде бокс, күрес, волейбол, баскетбол, футбол және гандбол залдары бар.

Құрылыстың жалпы құны – 907, 2 млн теңге. Жаңа спорт кешенінің ашылуы ауылда қосымша жұмыс орнын ашып қана қоймай, жергілікті тұрғындардың

## КЕШЕНІ

өмір сүру сапасын да айтарлықтай жақсартуға ықпал етеді. Кешен, ауыл тұрғындары мен жастардың денсаулығын нығайтуға, денешынықтырумен айналысуға арналған спорт түрлерімен шұғылданатын орталық ретінде халыққа қызмет көрсетеді. Сонымен қатар мұнда жастар мен ересектер арасында спорттың насихаттауға арналған жарыстар, оқу-жаттығулар және басқа да іс-шаралар өткізіледі. Нақтырақ айтқанда, жаңа нысан тың бастамалар мен жарқын жобаларды жүзеге асыратын орынның бірі болары анық.

Ащысайдағы жаңа спорт нысаны жергілікті тұрғындарды қуанышка бөлеп қана қоймай, Алматы облысының спорт инфрақұрылымын жақсартуға бағытталған маңызды қадам болып саналады. Спорт кешенінің ашылуы ауылда спорт пен белсенді өмір салтын табысқа жеткізу үшін жаңа мүмкіндік береді, бұл ауылдың болашағы үшін жасалған жарқын да нық қадам болып отыр.

## ШЫМКЕНТТЕ ПӘТЕР КІЛТІ ТАПСЫРЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан – баршаға және баршаға. Қазір және мәңгі» сайлауалды бағдарламасында қазақстандықтарды сапалы баспанамен қамтамасыз ету және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын кешенді жаңғырту бойынша бірқатар нақты міндет белгіледі. Президент 2029 жылға дейін республика бойынша апатты жағдайдағы 1 500 тұрғын үйді бұзып, иелеріне жаңа пәтер беруді тапсырды.



Назгүл НАЗАРБЕК,  
Шымкент қаласы

Осыған орай, қала әкімінің тапсырмасымен Шымкент қаласының тұрғын үйлерін жаңарту бағдарламасын жүзеге асыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Қазір мегаполисте 2 мыңнан астам көпқабатты тұрғын үй бар, оның 70 пайыздан астамы жарты ғасырдан астам бұрын салынған және апатты жағдайдағы тұрғын үйлер. Бүгінде қалада осындай 134 тұрғын үй бар. Сүрілмес бұрын тұрғындардың толық келісімін алу керек.

Республика күні мерекесі қарсаңында Shymkent City шағынауданында қала әкімі Бағдарлама шеңберінде тұрғындарға пәтер кілттерін табыс етті. Айналма өткеліндегі тұрғын үйлердің бірі сүрілуге жататын нысандар тізіміне енгізілген. Бұл ғимарат 60 жылдан астам уақыт бұрын салынған және заманауи қауіпсіздік пен энергия тиімділігін арттыру талаптарына сәйкес келмейді. Мұндай үйлер тұрғындардың өміріне ғана емес, айналадағы инфрақұрылымға да қауіпті саналады.

Бағдарлама шарты бойынша апатты үйлердің иелері жаңа ғимараттан көлемі мен бөлмелері бірдей пәтер алады. Сонымен қатар жаңа пәтер алдыңғысынан орташа есеппен 20 м<sup>2</sup> үлкен. Тұрғындар есептегіштерге қосымша ақы төлемейді. Тұрғын үй заманауи талапқа сай әрленген. Бағдарламаны іске асыру азаматтарды сапалы тұрғын үймен қамтамасыз етуге, қаланың сәулеттік келбетін жасауға, экологиялық жағдайды жақсартуға, сондай-ақ инженерлік инфрақұрылымды жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Дәл осы күні шымкенттік 304 отбасы мемлекеттік бағдарлама аясында қоныстойын тойлады. Салтанатты кілт тапсыру рәсіміне қала әкімі Ғабит Сыздықбеков қатысып, қуаныш иелерін құттықтады.

Үлкен мереке қарсаңында пайдалануға берілген Бозарық шағынауданында орналасқан баспаналарды тұрғын үй кезегіндегі азаматтар Отбасы банк арқылы «2-10-20», «5-10-20» бағыттары бойынша несиелік негізде рәсімделген. Жаңа үйге қоныстанушылар арасында ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар, толық емес және көпбалалы отбасылар, мүмкіндігі шектеулі азаматтар, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері бар.

304 пәтерлік 8 көпқабатты тұрғын үйге конкурс жүргізіліп, қазір азаматтармен сатып алу сату келісімшарты жасалуда. Бұдан бөлек, мемлекеттік бағдарлама аясында «Отбасы банк» АҚ арқылы 400 пәтерлік 10 көпқабатты тұрғын үйге конкурс өткізілуде.

Айта кетейік, Мемлекет басшысының тапсырмасымен жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламалар халқымыздың жайлы өмір сүруіне тікелей бағытталуда. Кредиттік тұрғын үйлердің қолжетімділігін арттыру және табысы аз азаматтарды иыналдыру мақсатында жергілікті бюджет есебінен 311 отбасы қайтарымсыз негіздегі әлеуметтік көмек ретінде тұрғын үй сертификаты арқылы несиелік баспанға қол жеткізген болатын. Жыл соңына дейін тағы 4 мыңнан астам пәтер беру жоспарланып отыр.

# ҚОҒАМ

29 ҚАЗАН 2024 | СЕЙСЕНБІ

## ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ТӨҢІРЕГІНДЕГІ ТҮЙТКІЛ

**А** Саятхан САТЫЛҒАН,  
Жамбыл облысы

Бұлай деуімізге Жамбыл облыстық мәслихатының депутаттары жүргізген зерделеу жұмыстары түрткі болып отыр. Тексеріс барысында жолаушылардың тағдырына жауапты жүргізушілердің барлығының бірдей тәжірибесі талапқа сай болмай шыққан. Яғни, автопарк басшылары жас жүргізушілерді жұмысқа аларда олардың тәжірибесіне мүлдем мән бермеген. Нәтижесінде, рөлде келе жатып жолаушыларға дәрекі сөйлейтін, артына қарап есеп айырысатын, ол аз десеніз, ұялы телефонмен үйінде отырғандай емін-еркін сөйлесетін жүргізушілерге тұрғындар тарапынан шағым көбейген.

Бұдан бөлек, қоғамдық көлік жүргізушілерінің киім үлгісі автопарк басшылығы тарапынан бақылауға алынбаған. Тәртіп бойынша автобус жүргізушілеріне арналған бірыңғай киім үлгісі болуы керек болса, кейбір автопарктер қызметкерлерін шортимен жұмысқа шығарып жіберген.

— Зерделеу жұмыстары барысында аяқта төпішке, бұтқа шорти киген жүргізушілердің жұмысын тоқтатуымызға тура келді. Сондай-ақ алкотестілеуден өтпеген жүргізушілер де анықталды. Яғни, алкотестілеу құрылғысы үш күн бұрын бұзылып қалғандықтан, автопарк медресінен жүргізушіні тексеріссіз жолға шығуға рұқсат берген. Алкотестілеу ауызына жүргізілгендіктен, медбикенің «кеше арақ іштіңіз бе?» деген сұрағына жүргізушілер «жоқ» деп жауап берген екен. Енді мұндай сауал арқылы жүргізушіге қоғамдық көлікті басқаруға қалай құқық беруге болады? Егер жүргізуші кеше ішкен болса, ол «арақ іштіңіз бе?» деген сұраққа «иә» деп жауап бермесі анық қой.

Автопарктерге жылда қазынадан миллиардтаған субсидия төленіп жатыр. Олар енді ең болмаса медициналық құралдарын жанартып қойса болады ғой, — дейді облыстық мәслихаттың депутаты Бақытжан Қалымбетов.

Негізі, халық қалаулысының сөзі орынсыз дей алмайсың. Себебі биыл қоғамдық көлік шығындарын өтеуге бюджеттен 4,8 млрд теңге қаралған. Байқап тұрсаңыз, бұл аз ақша емес. Енді осы қаржының өтемі ретінде қоғамдық көліктердің сапасы сұралғаны заңды емес пе?

Жалпы, бұл Тараз қаласындағы қоғамдық көліктерге қатысты туындан отырған алғашқы жағдай емес. Былтыр да депутаттар автопарктердің жұмысын тексеріп дабыл қаққан болатын. Олардың сөзіне сүйенсек, бүгінде қолданыста жүрген автобустардың 25 пайызының пайдалану мерзімі 10 жылдан асқан екен. Әкімдік пен автопарктер арасында қоғамдық көліктерді жанартып тұру туралы келісімшарт

Балға бармақ батырған серіктестіктердің жұмысына айтылар сын да, тағылар мін де көп. Тараз қаласында жолаушы тасымалымен тоғыз автопарк айналысатын болса, олардың барлығы қызметіне жауапкершілікпен қарап жүр дей алмаймыз. Арасында тіпті «өзім білерменге» салып, қарапайым сақтық шараларын сақтамайтындары жетерлік.



жасалса да, соңғы он жылдың бедерінде «Саяхат-99», «ДамРус», «ТаразПассТранс», ArsenTransCompanу сияқты мердігерлер бірде-бір жана көлік алмаған. Ал «ДамРус», CityBus және Arsen TransCompanу серіктестіктерінің жеке өндірістік техникалық базасы жоқ болып шыққан. Ал субсидияға келсек, мұнда да «бармақ басты, көз қысты» әрекет көп.

— Саланы нарықтық айналымға жіберіп, субсидияны тоқтатса, жолақы құны күрт көтеріліп, қарапайым халықтың қалғасын қағатыны белгілі. Сондықтан қала жұртының тұрмысы мен табысының төмендігін ескеріп, жергілікті билік амалсыздан тасымалдаушы компанияларға бюджеттен мол субсидия беруге мәжбүр болуда.

2022 жылы 9 тасымалдаушы компанияға 1 миллиард 198 миллион 689 мың 714 теңге субсидия есептелген. Бұдан бөлек, қалалық әкімдіктің жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар бөлімі ай сайын жекелеген әлеуметтік санаттағы азаматтардың қоғамдық көлікпен тегін жүруі үшін 3-4 миллион теңге бөліп берген. Былтырғы жылдың он айының өзінде 30 миллион 250 мың теңге бюджет қаражаты тасымалдаушы компанияларға төленген, — дейді Тараз қалалық қоғамдық кеңестің құрылыс, энергетика, инфрақұрылымды және коммуналдық салаларды дамыту жөніндегі комиссиясының төрағасы Рахманқұл Байтөлеу.

Негізі, былтырдан бері қалалық қоғамдық кенес мүшелері қоғамдық көлік мәселесімен жіті айналысуда. Нәтижесінде, тасымалдаушы компаниялар жүргізушілерге төленетін еңбекақы мен жанармайдан бөлек

негізсіз шығындарды есепке алғанын әшкере қылды. Мәселен, былтырғы маусым-тамыз айлары аралығында «ДамРус» ЖШС-на 10 миллион 717 мың теңге, «ТаразПассТранс» ЖШС-на 1 миллион 941 мың теңге, «Саяхат-99» ЖШС-на 8 миллион 232 мың теңге, «СапарТранс 2012» ЖШС-на 1 миллион 849 мың теңге көлеміндегі субсидиялық қаржы артық төленген. Сондай-ақ «СапарТранс 2012» ЖШС жалға алған 6 автобусының шығындарын өзінің жекеменшігіндегі автобустардың шығындарына негізсіз қоса есептеу нәтижесінде 1 миллион 849 мың теңге артық субсидия алған.

Рас, былтыр жергілікті биліктің араласуымен автопарктер көліктерін жанарта бастады. Алайда бұл толықтай жеткілікті дей алмаймыз. Сондай-ақ соңғы жылдары қоғамдық көліктердің қатысуымен жол-көлік оқиғалары да жиілеп кетті. Мәселен, биылғы жылдың басында 47 жасар тұрғынды автобус қағып кетіп, марқұм сол жерде жан тапсырды. Сол кезде автобустар бір айда 700-ге жуық жол ережесін бұзғаны айтылған еді. Бұдан бөлек, күні кеше ғана тағы бір азаматша автобустың астында қалып кетті. Денесі екі дөңгелектің астында езілген әйелдің желіде тараған видеосы жұрттың жағасын ұстатты. Міне, кейінгі кездері болып жатқан осындай жағдайлар ойландырмай қоймайды. Сондықтан автопарк басшылары әрбір қоғамдық көліктің артында адам тағдыры тұрғанын ұғына екен дейміз. Бәлкім, біліксіз жүргізушілерді қызметке алғаны үшін ең бірінші басшыларды жазалау керек шығар? Сол кезде тәртіп орнап, мемлекет қаржысы талан-таражға салынбай, әрбір автопарк қожайыны жауапкершілік жүгін сезінер?!

## АҚТАУ ҚЫСҚА ДАЙЫН



Биыл Ақтауда 50 жылдан астам уақыт бойы жаңартылмаған магистралдық жылу желілері қалпына келтірілді. Жылу және ыстық сумен үздіксіз қамтамасыз ету үшін 11,3 шақырым құбыр ауыстырылды. Бұл жұмыстарға 17 млрд теңге бөлінді. Ақтауда жылу беру маусымы 15 қазанда басталды. Бұған дейін облыс әкімдігінің Telegram арнасында тұрғындардың жылу жоқтығына қатысты пікірлері көбейіп кеткен еді, ал қазір тұрғындар коммуналдық қызметкерлерге алғыс айтуда.

Төрт баланың анасы Тілектес Ибраева облыс орталығындағы 28-шағынауданда тұрады. Оның айтуынша, үйге 16 қазанда жылу берілген.

«Үй жылы. Мен басқа аудандарда тұратын достарымнан сұрадым. Барлығында жылу бар. Иә, кейбір үйлерде адамдар әлі күтіп отыр, бірақ коммуналдық қызметкерлер тұрғындарды жылумен толықтай қамтамасыз ету үшін күні-түні жұмыс істеп жатыр,

мүмкін болмайды. Су берілісімен ішкі желілердің тозуы 79% болуына байланысты жарылыстар басталды. Әлеуметтік желілерде қаланы суық алып жатыр деген шағымдарды жиі естімін. Бұл — дұрыс емес, өйткені үйлердің басым көпшілігі жылумен қамтамасыз етілген. Апат болған үйлерде қазіргі уақытта жедел топтар ақауларды жою жұмыстарын жүргізуде», — деп атап өтті Ақтау қаласының әкімі Әбілқайыр Байпақов.



меніңше, бүгін-ертең жылу беріледі. Сондықтан мен қаладағы тұрғындардың бәрі жылусыз отырғаны жөніндегі ақпаратты шындыққа жанаспайтынын айтқым келеді», — деді Тілектес Ибраева.

«19-шағынауданда тұрамын. Біздің үйге 19 қазанда жылу келді. Бұған дейін ақаулар болды. Ол кезде апаттық бригадалардың оларды жою үшін жұмыс атқарып жатқанын бәріміз көрдік. Менің анам көрші үйде тұрады, оған жылу бізден де ерте берілді», — деді Ақтау қаласының тұрғыны Алевтина Головина.

«Жаз бойы негізгі жылу жүйелері ауыстырылды. Бұл өткен жылдардағыдай жылу мен ыстық су беруде үзіліс болмауы үшін жасалды. Желілердің әбден тозуы салдарынан жөндеу емес, толық ауыстыру туралы шешім қабылданды. Ауқымды ауыстыру қазан айында аяқталды, одан кейін гидравликалық сынақтар басталды. Осы уақытқа дейін құбырлар құрақ болғандықтан, сынақтарды өткізу

Жылыту маусымы басталғалы шағынаудандардағы желілерде 121 жарылыс тіркеліп, оның 100-і жөнделді. Бүгінгі таңда ақауларды жою үшін 110 адам мен 49 техника жұмыс істеп жатыр. Ақтау қаласының коммуналдық қызметкерлеріне көмек ретінде Жаңаөзен қаласынан 8 бригада келді. Тұрғындардың үйлеріне жылу жеткізу үшін төтенше жағдай бригадалары күндіз-түні жұмыс істеуде. Ал қалалық кәсіпкерлер коммуналдық жұмысшыларды қолдау мақсатында ыстық шай мен бәліш ұсынып жатыр.

«Ақтауға Жаңаөзен қаласынан «Өзенмұнайсервис» компаниясының сегіз жұмыс тобы келді. Ақтаудағы құбырлар тозған, жергілікті мамандарға әр шағынаудандағы жарылған жерлерді жоюға көмектесеміз», — дейді «Өзенмұнайсервис» мекемесінің дәнекерлеушісі Қазихан Байбозов.

Маңғыстау облысы әкімдігінің Telegram арнасы тұрғындар үшін желідегі ақаулар мен олардың жойылу жұмыстары туралы ақпарат алуға арналған алаңға айналды. Тұрғындар өздерінің манайындағы ақаулар туралы ақпаратты жедел жіберу арқылы коммуналдық қызметкерлерге көмектеседі. Кейбір тұрғындар үйде жылу берілгені, бірақ кейбір пәтерлерде, тіпті бөлмелерде жылу жоқ екенін жеткізуде. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласының мамандары қазір ішкі жүйелерді реттеуді қызмет көрсету ұйымдарының қызметкерлері — ОСИ немесе КСК жүргізетінін атап өтті.

Сағиындық РЗАХМЕТОВ,  
Маңғыстау облысы

Республика күні құрметіне Маңғыстау облысында құрастырылған «Шапшаң» әскери десанттық катері Каспий теңізіне түсірілді. Салтанатты шараға Маңғыстау облысының әкімі Нұрдаулет Қилыбай, Қорғаныс министрінің орынбасары генерал-лейтенант Сұлтан Қамалетдинов, Қарулы Күштердің контр-адмиралы Ратмир Камратов және әскери қызметшілер мен қала тұрғындары қатысты.



## МАҢҒЫСТАУДА ӘСКЕРИ КАТЕР ҚҰРАСТЫРЫЛДЫ

Су жана катер теңіздегі мемлекет шекарасын, елдің біртұтастығын қорғауға қызмет етеді. Алғашқы болып сөйлеген Қорғаныс министрінің орынбасары жауынгерлер катерін теңізде жіберу қазак жұрты үшін қуанышты сәт екенін айтты. Оның сөзінше, Маңғыстауда жасалған

катер өңірдің теңіз әлеуетінің қарқынды дамып жатқанын аңғартады.

«Президент Жолдауында айтқандай, жаһандық әскери техника өндірісі дамыған мемлекеттердің ұлттық қорғаныс жүйесінде шешуші рөл ойнайды. Қазіргі заман — жаңа технология заманы. Бұл катер —

Отанымыздың инженерия саласының жоғары деңгейінің айқын дәлелі», — деді Сұлтан Қамалетдинов.

Өңір басшысы Нұрдаулет Қилыбай Ұлттық мереке — Республика күні қарсаңында болып жатқан тарихи оқиғаның ғалымдардың төккен тері мен еңбегінің нәтижесі екенін айтты.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ құрылыс индустриясын дамыту тереңдетуі қажет деп бағыт-бағдар берген еді. Міне, нәтижесін, жемісін көріп отырмыз. Өңірімізде жасалған отандық өнім ел тыныштығын күзетіп, теңіз өскерлерінің нәтижелі қызмет етуіне көмектеседі. Осы жобаны жүзеге асырған азаматтарға, мамандарға, құрылысшыларға көп рахмет айтамын. Азаматтар өздерінің шеберліктерін дәлелдеді, — деп әкім ризашылығын білдірді.

Жаңа катерді құрастырған «Кеме жабдықтары және сервис» ЖШС-ның директоры Дмитрий Донскойдың айтуынша, тек қорғаныс саласында емес, азаматтарға арналған, туризм, транспорт бағытында, төтенше жағдайлар кезінде қолданылатын техникаларды да жасауға мүмкіндіктері бар.



## МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНАН МӘН КЕТТІ

Елімізде ежелден келе жатқан атакәсіп – мал шаруашылығынан да мән кетіп жатқаны алаңдатады. Жайылым жерлердің тапшылығы, жем-шөптің қымбатшылығы, басқа да өзекті факторлармен қоса, еліміздің сырт елдерге мал етін өткізуге тыйым салуы шаруалардың басты күнкөріс көзі – мал басын сойып тастауына әкеліп соққан. Қара малдың, тіпті етті және сүтті асылтұқымдылары да жаппай пышаққа ілініп жатыр.



### А Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ, Ақмола облысы

Шаруалар ішкі нарықты тұрақтандыру үшін жасалған бұл қадамның іс жүзінде тұтастай мал шаруашылығының тамырына балта шауып, саланың дамуын тұралатып тастады деп санайды. Мал етінің құны күрт төмендеп кеткені фермерлерге аса ауыр соққан. Сондықтан бағаны ұстап тұру әрі малды асырап-бағу көл-көсір пайдасынан бұрын зор шығынға ұшыратқан. Сондықтан шаруалар асылтұқымды малдың өзін жаппай ақтара сойып бауыздап тастауға мәжбүр болғанын айтады. Шаруалардың айтқан уәжіне қарағанда соңғы бес жыл ішінде сыртқы экспортқа мал етін шығару мүмкін емес. Ал ел ішінде асылтұқымды жас малдың етін сұраныс аса төмен.

Деректерге сенсек, биыл еліміздегі асылтұқымды мал басы 50 пайызға дейін көтерілудің орнына, керісінше 10 пайызға дейін азайып кеткен. Фермерлер мұны малды жаппай сойып, ондаған жыл мал шаруашылығымен айналысқан адамдардың өзі көсіптің тиімсіздігінен құтылуға мәжбүр болғанымен түсіндіреді. Мамандар Ауыл шаруашылығы министрлігінің асылтұқымды малды экспортқа шығаруға тыйым салуы



тұтас саланың шатқаяқтап қалып, шаруалардың малмен айналысуды тоқтатып тастауға дейін жеткізді деп есептейді. — Былтыр аналық малдың басы көп алынған. Биыл олар бұзаулауы тиіс болғандықтан, асылтұқымды мал басы біршама ұлғаюы керек еді. Біз мал басын 30 пайызға дейін азайтып қалдық. Фермерлер мұны өзіндік шаруашылықпен қарай ала алмайды. Өз қаржымызбен салып жатырмыз, — дейді Ақкөл ауданынан «Сивка-Бурка» ЖШС-ның басшысы Игілік Таутонов. Сарапшылар асылтұқымды аналық малды да экспортқа шығаруға рұқсат берілуге тиіс деп есептейді. Сондай-ақ мемлекеттік субсидияның уақытында берілмеуі ахуалдың одан сайын тұралауына ықпал еткенін айтады. — Қазір қазак асылтұқымды жас малы Қырғызстан мен Өзбекстанда елінде сұранысқа ие. Бірақ бұған тіпті мән берілмей отыр. Сондай-ақ субсидия саласындағы жағдай да аса өткір. Фермер сәуір-мамыр айларында өтінім берсе, оны тек жыл соңына қарай ала алады. Ал ол жазда қысқа жем-шөбін әзірлеуі керек. Қыста оның құны екі есеге қымбаттап шыға келеді. Мемлекеттік бағдарламалар тұрақсыз. Субсидиялау ережелері соңғы бес жылдың ішінде ғана 10 мәрте өзгертілді, — дейді Бахтияр Өтелбаев. Қарағанды облысында болған ауылдан кейін отандық етті қабылдайтын аса ірі нарық Қытай мен Ресейге экспортқа шығарудың жолы кесілген. Қазақстан ет одағы да ет экспорттың жөнге келтірмей, саланың аял жылжуына еш мүмкіндік жоқтығын айтады. — Қазіргі сәтте ең тиімді өнім — әрине, малды тірідей өткізу. Көрішілерімізде сұраныс болып тұрғанда осы сәтті пайдалануға

еліміздегі инфляция мен өндіріс құралдары құнының ұлғаюынан көбейіп, оны малды өсіруге деген ынтасын жоғалтып отыр, — дейді Бахтияр Өтелбаев. Асылтұқымды мал өсіруші шаруалар да бұл уәжіді толықтай келісетінін жеткізді. Фермерлердің пікірінше, нарықтағы еттің бағасы шаруаның шығындарын мүлде ақтамайды. Салдарынан малмен айналысатын шаруалар жылдан-жылға несиеге шырмалып, малды бірнеше есе азайтуға мәжбүр болған. — Малдың бүгінде құны жоқ. Қазір колда бар малымыздың етінің келісі 2 мың теңгеге ғана өтіп жатыр. Яғни, 200 келі ет берсе, небары 400 мың теңге пайда әкеледі. Ал іс жүзінде қысы жеті айға созылатын теріскей аймақта жана туған бұзауды 2 жыл бағу үшін кемінде 630 мың теңге шығын шығады. Қазір сыртқы экспорт мүлде жабық. Малды асырап, оны сатуға дейін оның өзіндік шығыны 1 миллион теңгеден асып кетіп отыр. Шетелден 1-1,5 миллион теңгеге дейін алынған малдың іс жүзінде сатылу құны бірнеше есе төмен. Неге біздің де малды сыртқа шығарып сатуға мүмкіндік берілмейді. Тағы бір себеп — несие және ауыл шаруашылығы техникаларына қосылатын 15-20 пайыздан да асып жығылатын

тиіс едік. Үкіметтің малды сыртқа шығарсақ, өзіміз жейтін ет қалмайды деп аландауы баланың ертегісі сияқты. Өйткені өзіне табыс әкеліп тұрған сиырын ешкім де сатып жібермейді, — дейді Қазақстан ет одағының атарушы директоры Асқар Жұбатыров. Мамандар дәл қазір нақты шара қабылдамаса, еттің құны малдың жаппай сойылуынан тұрақсызданып, сондай-ақ ел тұтастай ет импортына тәуелді болып қалу мүмкіндігі жоғарылайды деп санайды. Ауыл шаруашылығы министрлігі мал етінің экспортына тыйым салу колда бар малды түгендеу әрі ішкі нарықтың бүтінделуі үшін жасалғанын айтады. Министрлік осыған дейін асылтұқымды мал басын экспорттауға салынған тыйымды тағы да алты ай мерзімге ұзартуға шешім қабылдаған. Құзырлы министрлік мұның мал басын көбейтуге септігі тиетініне сенімді. — Ауыл шаруашылығы министрлігі Қаржы министрлігімен бірлесіп асылтұқымды ірі және ұсақ кара малды экспорттауға тыйымды ұзарту туралы жаңа бұйрық шығарды. Аталған шара алдағы алты ай бойы қолданыста болмақ. Тыйым салу барлық сиырға оның ішінде асылтұқымды малға да қатысты болады. Бұл —



## ҰРЛЫҚ ТЫЙЫЛМАЙ ТҰР

Жыл сайын облыс аумағына қыс таянғанда жол бойына блок бекеттер қойып, қатаң бақылау жасалса да мал ұрлығы азаяр емес. Жақында тағы бір осындай бекет Қарағанды қаласындағы «Арай» базарына мал ұрлығының алдын алуға байланысты қойылды.

### А Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ, Қарағанды облысы

Әлбетте, мал ұрлығы қысқы соғым уақытында өршиді. Қызылсыраған халық базарға қарай ағылатыны тағы бар. Міне, осы уақытты пайдаланып қалғасы келген ұрылар, біреудің соңғы малына да қарамай барымталауда. Осы ұрлықтың алдын алу үшін шаралар жасалып жатқанымен, шамамыз тек басқаның қанжығасында кеткен етті қайтарумен келеміз. Осы бағытта жылда Қарағанды облысының жол бойларында блок бекеттер орнатылады. Биыл да осы мақсатта 18 жылжымалы блок-бекет қойылды.

Тәртіп сақшылары аталған бекеттерде мал және ет өнімдерін тасымалдаушыларды тоқтатып, құжаттарының белгіленген талаптарға сай болуын тексереді.

**Айта кету керек, облыстың әр ауданы мен ауылынан осы базарға қарай мал етін өткіземіз деп ағылған көліктердің қарасы қалың. Делдалдар да осы жерде өз нәпақасын айырады.**

— Жыл басынан бастап облыс аумағында 25 мал ұрлығы тіркеліп, оның 18-і ашылды. Мәселен, жақында Бұқар жырау аудандық Полиция басқармасының қызметкерлері аудан тұрғынының құны 1 миллион тұратын Голштейн асыл тұқымды ірі қарасын ұрлаған күдіктілерді ұстады. Аталған дерек бойынша қылмыстық іс қозғалып, тергеу әрекеттері жүріп жатыр, — дейді Қарағанды облыстық Полиция департаментінің Құлдияров Бақытжан. Сақшылардың айтуынша, аталған блок-бекеттер ерекше үкімге дейін жұмыс атқарады. Мал ұрлығының басым бөлігі еркін жайылымнан болса, кейбір жағдайда мал иесі төрт түлігінің қай уақытта жоғалғанын білмейтін кездер болады. Полициягерге жайылымнан мал жоғалу бойынша 17 арыз түсіп, жүргізілген іздестіру іс-шаралары барысында 106 мал, яғни 56 жылқы, 12 ірі қара мал, 38 ұсақ мал табылды. Мал ұрлығының алдын алу және болдырмау мақсатында, Қарағанды қаласындағы ет өнімдерін сататын «Арай» базарына Полиция департаменті басшылығының шешімімен блок бекет қойылды.

өнімдерін сатуға әкелгені анықталды. Былтыр қыркүйек айының соңында әлеуметтік желіде асылтұқымды жылқыны ұрлағандар туралы ақпарат тараған болатын. Міне, осы ұрлық облыстың тасжолдарында блок бекеттің арқасында ашылды. «Ұрлық түбі қорлық» десек те, осы сөзді місе тұтпай, малды өрістен де, қоралдан да алып кетушілер азаймай тұр. Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданына қарасты Мұстафин кентінде мал ұрлығына қатысты бар деген күдікпен үш ер адам ұсталды. Жергілікті полиция бөлімінің қызметкерлері 26-35 жас аралығындағы күдіктілердің шаруа қожалықтарының бірінен «Голштейн» тұқымды сиырды ұрлап кеткенін анықтады. Жәбірленуші келтірілген шығынды 1 млн теңге деп бағалады. Ұсталғандар өз кінәсін мойындап, ұрланған мал табылды. Оқиғаға байланысты қылмыстық іс қозғалды, тергеу жұмыстары жалғасуда. «Мал ұрлығы тыйылмай тұр» десек те, қолдағы малға ыждахатпен қараған да дұрыс-ау.



«Игілік» қайырымдылық қоры» қоғамдық қоры, БСН 190340002449, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар ҚР Атырау облысы Қызылқоға ауданы Көздіқара ауылдық округі Қоныстану ауылы, Құбаш Жағалбаев көшесі 18 үйі мекенжайы бойынша хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады.

AIQYN-LIVE

29 ҚАЗАН 2024 | СЕЙСЕНБІ

ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЛАРЫ ФЕСТИВАЛІ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ



Таяудағы әрі терең мазмұнды қойылымдарымен көрерменнің жанына рухани азық болып, балаларға қуаныш сыйлап келген Алматы Мемлекеттік қуыршақ театрында Almaty Puppet Festival II Халықаралық қуыршақ театрлары фестивалі өз мәресіне жетті. Фестиваль тарихында екінші мәрте Алматы қаласында өткен іс-шара еліміз үшін ерекше маңызға ие Республика күніне орай ұйымдастырылған. Көрерменнің қуыршақ театры әлемінің заманауи шығармашылығымен таныстырып қана қоймай, халықаралық шығармашылық қарым-қатынасты нығайтуды көздеген фестиваль биыл да бірнеше аталым бойынша қил мықтыларды сарапқа салды. Сонымен «Жанашыл көзқарас» аталымы бойынша Башқұрт Мемлекеттік қуыршақ театрының «Шесть чувств» қойылымы (Башқұртстан, Уфа), «Үздік қуыршақ жүргізуші» аталымында Sky bird қуыршақ бірлесітінің «Қытай дәстүрі» қойылымы (Қытай, Гонконг) иеленді. «Шеберлігі мен адалдығы үшін» аталымы бойынша «Темпо» театрының «В саду у великана» қойылымы (Түркия, Анкара), «Үздік актерлік ансамбль» аталымында «Скарабей» көленкелі балалар театрының «Аленький цветочек» (Ресей, Челябинск), «Үздік режиссер» аталымы негізінде Боржоми Мемлекеттік кәсіби қуыршақ театрының «Гудули ата және кішкентай Уча» қойылымы (Гуржистан, Боржоми) марапатталды. Халықаралық қуыршақ театрлар фестивалінің Гран-при иегері ретінде Ақтөбе облыстық «Алақай» қуыршақ театрының «Шедрое дерево» қойылымы (Қазақстан, Ақтөбе) үздік деп танылды. Онымен қоса, фестивальдің барлық қатысушысына арнайы диплом мен естелік сыйлық табысталды.

Биылғы фестивальдің ерекшелігі сол, былтырғы жылмен салыстырғанда қатысушы мемлекеттер санының ұлғаюы. Бұл – руханият өкілдерінің қуыршақ театрларының шығармашылығына ерекше ден қоюының айқын көрінісі. Халықаралық деңгейде өткен фестивальде Қытай, Польша, Болгария, Чехия, Түркия, Грузия, Әзербайжан, Ресей, Башқұртстан, Өзбекстан және Қазақстан республикаларының 15 үздік театр ұжымы мен 150-ден аса қуыршақ шебері өнер көрсетті. Одан бөлек, фестиваль аясында қойылымдар көрсетілімінен тыс театр саласындағы мамандардың кәсіби деңгейін арттыру мақсатында үздік қуыршақ шеберлерінің жетекшілігімен шеберлік сағаттар мен дәрістер ұйымдастырылды. Ұйымдастырушылар фестивальден әлемдік және отандық қуыршақ театрының даму

**А** Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,  
Алматы қаласы

**Балалық шақ – адамзат ғұмырында тәтті балалық қылықтары мен алаңсыз шақтары таспаланатын ең ғажап уақыт. Қайта оралып келмейтін осы бір балдырған кезең кімді де болса аңсатпай қоймайды. Алайда келмесе кеткен сол бір естеліктерді көз алдыңа әкеліп, бақытты балалық шаққа сапар шектіретін бір мекен бар. Ол – театр. Әсіресе, сонау қиын-қыстау заманда киелі өнер ордасын құрып, ғасырға жуық уақыт бойы балаларға шаттық сыйлап, бойына адами құндылықтарды сіңіріп келе жатқан – Алматы Мемлекеттік қуыршақ театры.**



тенденциялары, жаңашыл бағыттары мен заманауи ерекшеліктерін айқындайтын қойылымдар ұсыну арқылы қала тұрғындары мен қонақтарының рухани құндылықтарын арттыру. Алматы қаласының халықаралық деңгейде имиджінің қалыптасуына үлес қосу сынды оң нәтижелер күтілетінін алға тартады.

Қазылар алқасының төрағасы, театртанушы, Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының директоры Еркін Жуасбек Қазақстанда

**«**Қуыршақ театрлары фестивалін өткізудегі басты мақсатымыз – қуыршақ жанрындағы өнер ордаларын бір арнаға біріктіру, олардың бір-бірімен тәжірибе алмасуына мүмкіндік беру. Бүгін театр мамандары үшін үлкен мереке.**»**

екінші мәрте шымылдығын түрген фестиваль әр мемлекеттің халықаралық деңгейде паш етуге лайықты деп тапқан жауһар өнерін тамашалауға мүмкіндік беретінін айтады.

– Қуыршақ театры қазір өнер ордасы ретінде дәуірлеу кезеңін басынан өткеріп отыр. Осы күнге дейін біз әлемдегі небір қуыршақ театрларының жана формасын, терең ізденістерін, сондай-ақ бүгінде қуыршақ технологиясының әлдеқайда дамығанын естіп жүрдік. Осынау еңбек пен жаңашылдыққа ұмтылыстың арқасында ауқымды деңгейдегі кәсіби қойылымдар дүниеге келуде. Енді, міне Халықаралық қуыршақ театрлар фести-



валі осындай қойылымдарды көзбен көруге мүмкіндік береді, — деді театртанушы Е.Жуасбек.

Алматы Мемлекеттік қуыршақ театры директорының орынбасары, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Бақыт Тушаев халықаралық масштабтағы мұндай жиын өнер иелерінің бір-бірімен тәжірибе алмасып, білімін шыңдау үшін таптырмас алаң екенін негізге алды. Түрлі мазмұндағы оқиғаларды қойылымына арқау еткен фестиваль әрмен қарай өз жалғасын таппақ.

– Қуыршақ театрлары фестивалін өткізудегі басты мақсатымыз – қуыршақ жанрындағы өнер ордаларын бір арнаға біріктіру, олардың бір-бірімен тәжірибе алмасуына мүмкіндік беру. Бүгін театр мамандары үшін үлкен мереке. Себебі әртістеріміздің өзге әріптестерімен тәжірибе алмасуы, шетелдік театрлардың қандай деңгейде өсіп отырғанын аңғару — шығармашылықтың шыңдалуына ерекше әсер етеді. Осындай іс-шаралар арқылы біз театрлардың қай бағытта дамып отырғанын көре аламыз, — деді театр директорының орынбасары Б.Тушаев.

Тарихы сонау 1935 жылдан бастау алған өнер ордасы – тамырын тереңге жайған республика тарихындағы тұңғыш қуыршақ театры. Қазір Алматы Мемлекеттік қуыршақ театры таяқ қуыршақтар, заман ағымына сай күрделі марионеткалар, сондай-ақ соңғы үлгідегі техникалық-лазерлі көркемдеулермен жабдықталған. Театрдың шығармашылық ұжымы кішкентай бұлдіріндерге ғана емес, онымен қоса жасөспірімдер мен ересектерге арналған қойылымдар сахналады жұмыс тәжірибесіне енгізген. Әлемдік және отандық үздік әдеби және драматургиялық шығармалардан таңдап алынған жаңаша форматтағы «Ана жүрегі», «Ана – Жер ана», «Ромео мен Джульетта», «Макбет. Иллюзия», «Мен бір жұмбақ адаммын... Абай», «Өмір-өзен», «Шал мен теңіз», «Чемпион» қойылымдары халықаралық театр фестивальдерінде жұлделі орындарды еншілеп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.



**РИЗАБЕК – ҮШ МӘРТЕ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ**

Еркін күрестен Қазақстан құрамасының өкілі Ризабек Айтмұхан Албанияда өткен жастар арасындағы (U23) әлем чемпионатында жеңімпаз атанды.

Қазақстандық 20 жастағы еркін стильдегі балауан Ризабек Айтмұхан Албанияның Тирана қаласында өткен жастар арасындағы әлем чемпионатында (23 жасқа дейін) жеңіске жетті. Ол финалдық бәсекеде ирандық Махди Морафамен кездесіп, 97 келі салмақта бак сынады.

Доданың ширек финалынан отандасымыз сүрінбей өтіп, жартылай финалда ресейлік Шамил Имам Гаджиалиевпен күш сынасты. Нәтижесінде, 7:4 есебімен Ризабек қарсыласын тізе бүктірді.

Финалдық шайқас өте тартысты өтті. Екі палуанда барлық күш-жігерін жинап, осы додаға салды. Алғашқы минуттан бастап қос палуан бір-бір ұпайдан алып, белдесудің жартысын тең аяқтады. Шешуші екінші кезеңде Ризабек аса белсенділік танытып, қарсыластан айласын асырды. Толық белдесу 1:6 есебімен отандасымыздың үлесіне шешілді. Осылайша, Ризабек Айтмұхан 23 жасқа дейінгі әлем чемпионы атанды.

Айта кетейік, Ризабек бұған дейін қыркүйек айында өткен 20 жасқа дейінгі әлем чемпионатында да жеңімпаз атанған еді. Былтырғы жылы 92 келі салмақта ересектер арасында Қазақстаннан шыққан алғашқы әлем чемпионы болды. Яғни, 1,5 жыл ішінде Айтмұхан үш түрлі жас санаты мен екі салмақ дәрежесінде әлем чемпионы атағына ие болды.

Дегенмен Ризабек Айтмұхан Парижде өткен Олимпиада ойындарына қатыспады. 97 келі салмақта ол ішкі іріктеуде Алишер Ерғалиға жеңілген еді.

**ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ**

Астанада Республика күніне орай ұйымдастырылған қазақ күресінен «Қазақстан Барысы» XIII республикалық турнирі аяқталды. Бұл турнирге өңірлік жарыстардың қорытындысы бойынша іріктеліп алынған еліміздің үздік палуандары жиналды.

«Қазақстан Барысы – 2024» атағы Абай ауданының палуаны Ерасыл Қажыбаев жеңіп алды. Шымкенттік Ерсұлтан Мұзапбаров екінші, Абай ауданынан келген Саят Шәмшиев үшінші орынды иеленді.

Ерасылға турнирдің бас жүлдесі 15 миллион теңге, алтын белбеу және тайтұяқ бұйырды. Жеңімпазға марапаттарды Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабасынов табыс етті.



Турнирдің жалпы жұлде қоры 27,1 миллион теңге болса, оның 3,72 миллионы жаттықтырушыларға бөлінген. Жұлде ақшасы келесідей бөлінді: 1 орынға – 15 000 000 теңге, 2 орынға – 3 300 000 теңге, 3 орынға – 1 080 000 теңге. Сонымен қатар кездесуде жеңіске жеткені үшін әр палуанға 100 000 теңге төленді.

Турнирге облыстық жарыстардың қорытындысы бойынша іріктеліп алынған еліміздің 42 үздік балуаны қатысты. Олар 17 облыс пен республикалық маңызы бар 3 қала – Астана, Алматы және Шымкент қалаларының атынан қатысты. Турнирге былтырғы жылғы чемпион «Қазақстан Барысы» мен «Әскер Барысы» командасының екі өкілі де қатысты.



II ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЛАР ФЕСТИВАЛІ «ALMATY PUPPET FESTIVAL - 2024» II INTERNATIONAL PUPPET THEATER FESTIVAL



Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС  
Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ  
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары  
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор  
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:  
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы  
Назгул НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы  
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы  
Бәни ЖАНЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:  
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102  
ЖАРНАМА БӨЛІМІ:  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklama.aikyn@gmail.com  
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:  
8(771) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com  
Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді  
**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**  
Талпырыс №4514  
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ Мұқанов көшесі, 223 б Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Өлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,